

Г' 2005  
848к



Қайрат  
Жұмағалиев

**ЖУРЕГІМНІҢ  
БӨЛШЕГІ...**



1' 2005/848

Қайрат Жұмағалиев

# ЖҮРЕГІМНІҢ БӨЛШЕГІ...



Әлемдер

Алматының мемлекеттік спортивтік базасының  
“Көмбәдір” бассейнінде 2004 жылдың 15-ші наурызда  
жүргізілген 1-ші олимпийдегі көмбәдірлік чемпионатта

Алматының мемлекеттік спортивтік базасының  
“Көмбәдір” бассейнінде 2004 жылдың 15-ші наурызда  
жүргізілген 1-ші олимпийдегі көмбәдірлік чемпионатта  
Алматының мемлекеттік спортивтік базасының “Көмбәдір” бассейнінде 2004 жылдың 15-ші наурызда жүргізілген 1-ші олимпийдегі көмбәдірлік чемпионатта

 алалар  
ДЕБИЕТ

Алматы • 2004

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 81

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды



Жұмағалиев Қ.

Ж 81 Жүргімнің бөлшегі...: Балаларға арналған өлеңдер. — Алматы: "Балалар әдебиеті". — 2004. 80 бет.

ISBN 9965-650-30-6

Белгілі қазақ ақыны Қайрат Жұмағалиевтің жаңа кітабына балаларға арналған өлеңдері топтастырылған. "Бесік жырлары" циклы қазақ балалар поэзиясында орыны бөлек ерекше сипатты туынды. Оnda балажан халқымыздың, ата-ананың өз перзентіне деген шексіз махаббаты көркем бейнеленген.

Ж 4803250202-000  
480(05)-04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-650-30-6

© Жұмағалиев Қ., 2004  
© "Балалар әдебиеті"  
баспасы, 2004

## **БЕСІК ЖЫРЛАРЫ**

---

### **МАРАЛДЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ**

Әлди, бөпем,  
Маралым!  
Ән-күй бөпем,  
Маралым!  
Тұла бойы тұңғышым,  
Жүргегімнен жарадың!

Айналайын,  
Маралым!  
Толғанайын,  
Маралым!  
Жырлай-жырлай өзінді  
Әнші болып барамын!

Айым, күнім –  
Маралым!  
Шұғыла боп тарадың!  
Өмір деген мұхитта  
Сенсің –  
Жәннәт аралым!

Ақ Маралым!  
Төлбасым!  
Анаң жырын толғасын!  
Жақсыларға –  
Серік бол!  
Бақыт болғай –  
Жолдасың!

Көңіліңе түй, балам:  
Байлығым сен жинаған.  
Ана деген ұлы есім,  
Сенсің –  
Маған сыйлаған!

Сенсің –  
Менің ақ таңым!  
Сенсің –  
Менің мақтаным!  
Сенің арқаң –  
Ана боп,  
Бақыт дәмін татқаным.

Өзің барда –  
Жоқ қайғым!  
Қызыу мол шоқтаймын!  
Көп айналып-толғансам,  
Әжеп де  
Жақпаймын!

Әжеп бұған көнбейді,  
Оң қабағын бермейді.  
“Емешен тым үзіліп,  
Өліп-өшпе, сен”, – дейді.

Барған кезде әр үйге  
Тым сұқтанып  
Сәбиге  
Қарамандар, дейді әжеп.  
Дұрыс айтады, әрине.

Саған иіп басымды,  
Ақ бесікке асылдым.  
Өзің келіп,  
Ақ төрем,  
Үйқым шайдай ашылды!

Беткейдегі гұлмісің?  
Күлім қаққан күнбісің?  
Ұйықта, бөпем!  
Маралым!  
Тұла бойы тұңғышым!

## ЖАНАРДЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди, бөпем!  
Жанарым!  
Жарқыраған панарым!  
Жауқазыным!  
Жалбызым!  
Сүйіп мейірім қанарым!

Су ішінде –  
Сүйрігім!  
Жылқы ішінде –  
Жүйрігім!  
Сен дегенде  
Кеудемде  
Күмбірлейді күй бүгін!

Алатаудан әрі асып,  
Төбем көкпен таласып  
Жүрмін –  
Марал екеуің  
Жұп болдыңдар жарасып.

Нәзіктен де нәзігім,  
Қайдай тәтті жаз үнің!  
Сенсің –  
Менің кенішім,  
Таусылмайтын азығым.

Үнің –  
Баба күйіндей,  
Кім тұра алар сүйінбей?!

Әлжуазым!  
Саусағың –  
Сіріңкенің шиіндей!

Шайдай аспан төсінен  
Шұғыла боп есілем –  
Тоңа ма деп өзінді  
Құстың көлеңкесінен!

Сенсің –  
Әбек қағарым,  
Бір жапырақ Жанарым!  
Сен үйқтасан пысылдаپ,  
Қандай рахаттанамын!

Тұрса да шын толғанып,  
Шабыттанып,  
Қомданып,  
Тым шынжаяу деп,  
Көкең де  
Көтермейді қолға алып.

Лұпіл қағып жүргегі  
Көкең үнсіз жүр еді:  
Жанартайым,  
Сен келдің –  
Аңғасағаны ұл еді.

Тау суындағы тасынып,  
Ұл көрсем деп асығып  
Жүрген Көкең  
Қалғаны  
Көңілі сәл басылып.

Әжеп жайнап гүлдеді,  
Мұңауды білмеді:  
“Қарақтарым!  
Қыз емес,  
Қызыл алтын – бұл!” деді.

Даналығын сезем мен,  
Артық жан жоқ әжеңнен:  
“Ұрыс алды – қыз деген, –  
Деді ол, – халқым ежелден!”

Күндей көркем келбеттім!  
Тез есейіп,  
Бойжеткін!  
Ақ бесікте аялап,  
Екі жылдай тербеттім!

Сені көрген –  
Балқымай,  
Қалмас көнілі шалқымай.  
Сенен сәуле алғандай  
Он бесінде  
Алтын Ай!

...Су ішінде –  
Сүйрігім!  
Жылқы ішінде –  
Жүйрігім!  
Сен дегенде  
Кеудемде  
Күмбірлейді күй бүгін!

## АЙБАСТЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ

Ақ бөпем деп,  
Ән салам!  
Ақ көкем деп,  
Жар салам!  
Ақ марқасы осы үйдің  
Көптен күткен!  
Аңсаған!

Әрқашанда –  
Болшы аман!  
Пида шыбын жан саған!  
Ақ бесікке сүйеніп,  
Атар таңды қарсы алам!

Мәре-сәре болдық біз!  
Толықсыдық!  
Толдық біз!  
Асқар таудың басына  
Сен келген соң –  
Қондық біз!

Мандайдағы көзімсің!  
Тұпқазығым –  
Өзінсің!  
Сен үйықтамай  
Біздің үй  
Қалайғана көз ілсін?!

Сенсің –  
Үйдің базары!  
Саған ауған назары!  
Сен келгелі  
Даламның  
Ашылғандай ажары.

Тұн тұмшалап жер бетін  
Жуасыпты жел де тым...  
Халық ұлы болғайсын,  
Перзенті жоқ ел –  
Жетім!

Аса бергей –  
Сәuletің!  
Таса бергей –  
Дәuletің!  
Фасырларға ұласып  
Өсе бергей –  
Әuletің!

Тындыргайсың көп істі,  
Бермегейсің намысты.  
Жарасады  
Кезсөң де  
Ел бағы үшін  
Гарышты!

Сенсің –  
Менің Көктемім!  
Келешекке өткелім!  
Аман болсаң әрқашан  
Еш арманым жоқ менің!

Әлди, бөпем!  
Әппағым!  
Аузымдағы тақпағым!  
Отым сөнген кезінде  
Тұтататын  
Шақпағым!

## САМАЛДЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ

Самалжанға әрдайым  
Сөз сарасын толғайын!  
Бөлмесең де ұйқымды  
Бесік жырын арнайын!

Әлдилейін толғана,  
Ақ Самалды қолға ала,  
Жылаудың не екенін  
Білмейтүғын – Сен ғана!

Шықпаса да көп үнін,  
Аландаиды көңілім.  
Узына жарыған  
Томпанайым!  
Момыным!

Ұйқыдан да қалмадым.  
Шаршамадым,  
Талмадым.  
Сен келгелі –  
Қолымды  
Жылы суға малғаным!

Мәз-мейрам боп қалдық біз,  
Әбден рахаттандық біз:  
Ақ сарайдай бұл үйді  
Сен келген соң  
Алдық біз.

Ақ сарайдың төрінде  
Аунап-қунап, керіл де,  
Жырлағанда, бөпешім,  
Сен үйықтауға ерінбе!

Жұлдыз жайлап жер-көкті,  
Көнілімді өрлетті!  
Таң самалы еркелеп  
Тал бесікті тербетті.

Арқасында ботамның  
Мен де – Шағын Отанмын.  
Көзіндегі үшқыннан  
Маздал жандым,  
От алдым!

Әлди, бөпем!  
Сұнқарым!  
Талпынған тай-тұлпарым!  
Бесік жырын жырладым  
Үйықтасаң да,  
Іңкәрім!

Томпанайым!  
Момыным!  
Қошақаннан қоңырым!  
Тәтті үйқына тамсанып  
Жайланады көнілім.

Сені жырлаپ толғанам,  
Қуат бердің сен маған!  
Бесігінді тербетсем –  
Тербеледі  
Кең Даңан!

## БЕКЗАТТЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди, бөпем!  
Тентегім!  
Өсе бергей өркенің!  
Бесік жырын басқаша  
Жырлармын-ау, мен, тегі...

Әлди, бөпем!  
Қымбаттым!  
Сені жырлап,  
Тұн қаттым!  
Шаттанамыз –  
Сен күлсөн,  
Ал, ашуың –  
Тым қатты!

Тыным таппай жұлқынып,  
Қол созасың ұмтылып.  
Ақ шабақтай шоршисың,  
Асау тайдай бұлқынып!

Жұрсек те біз ұнатпай,  
Тасқындаң тау бұлақтай,  
Бойдағы күш-жігерің  
Жатыр ма екен шыдатпай?!

Алмайсың сен бір тыным,  
Жыпылықтап кірпігің.  
Қалай біліп алғансың  
Еркеліктің түр-түрін?!

Тасқын судай тасасың,  
Кемеріңнен асасың,  
Өз дегенің болмаса,  
Сен айғайға басасың!

Айналайын, күнім деп,  
Мен жырлаймын күлімдеп.  
Бірақ, Бекзат, бөпешім,  
Үйиқтамайтын тұнің көп.

Еркетотай!  
Қайсарым!  
Жадыраса –  
Жайсаңым!  
Тәтті үйқыға кетесің  
Нұр құшағын жайса күн.

Осы үйдің  
Сен – биісін,  
Көңілімнің күйісін.  
Тік тұрғызып аласың  
Әміріңмен  
Үй ішін!

Тыныштықты жек көрдің,  
Таңды көзбен өткердің.  
Күндіз үйиқтап алансыз,  
Тұнде –  
Үйқымды төрт бөлдің.

Әлде үйқы жеңбей ме,  
Тыныстағың келмей ме?!  
Сенің үйиқтатамын деп,  
Үйиқтап қалам мен кейде.

Байыз тауып, жарқыным,  
Тентек болса,  
Ал, тыным!  
Мені бүйтіп үятқа  
Қалдырма, сен,  
Алтыным!

Қандай перзент келді деп,  
Тебіренеміз елжіреп:  
Әлде, дарын болар ма,  
Батыр ма деп ержүрек?!

Балақаным!  
Балпаңым!  
Басымдағы қалпағым!  
Қыын күнде қорғайтын  
Сенсің –  
Семсер,  
Қалқаным!

Сенсің –  
Қара орманым!  
Сенсің –  
Қамал, қорғаным!  
Сенсің –  
Таудай үмітім,  
Орындалған арманым!

## АЙШАНЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди-әлди, ай күнім!  
Төрт құбыласы сай, күнім!  
Сен келгелі,  
Айшатай,  
Көңілім хош,  
Жайлымын!

Күнім!  
Саған не дейін?!

Медетім деп сенейін.  
Шексіз менің мейірім,  
Тасып-ақ түр мерейім!

Оянасың сен ерте,  
Бола берме көп ерке.  
Кірпігіңнен түседі  
Күндік жерге –  
Көлеңке!

Дос кетпесін қасынан,  
Зейінді бол жасынан.  
Мен айналып кетейін  
Қиғаш қара қасынан!

Апалаған кезінен  
Анаға тән сезіммен,  
Келер күнді қөрдім мен  
Сенің қара көзінен.

Әлди-әлди, құлыным!  
Лайланбас тұнығым!  
Кеудемдегі –  
Шыбыным!  
Омыртқада –  
Жұлыным!

Көкте –  
Жұлдыз шоғырым!  
Көкмайсалы өнірім!  
Бір жолына –  
Садаға  
Менің күллі өмірім!

Елден ерек зерделім!  
Тілегімді бергенім!  
Жапырағымды жайқалтып,  
Самал желдей тербедің!

Сен деп Анаң тосылар,  
Талбесікке асылар.  
Қандырып ал үйқынды,  
Кейін шайдай ашылар!

Күн сипатты арайлым,  
Дидарыңа қараймын.  
Сен биікке шыгарда  
Баспалдаққа жараймын.

### **ЖАДЫРАНЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ**

Әлди, бөпем!  
Жайнағым!  
Сұт бетінде –  
Қаймағым!  
Дидарыңнан көз алман  
Ай жүзіндей айнаның!

Әлди-әлди, аппағым!  
Адастырмас соқпағым!  
Сені тербел,  
Жұбатып,  
Жырмен алдарқатқаным!

Құп-құйттай бозторғайым!  
Өзіңе жыр арнайын!  
Қанаттыға қақтырмай,  
Жадырамды қорғайын!

Үілдейсің талпыныш,  
Тыптыршисың,  
Шарқ ұрып!

Қайта отыра қаласың  
Тәй-тәй басып,  
Сәл тұрып.

Үілдейсің сен тұрып,  
Елжіреймін мен тынып.  
Жүргенің сол  
Үй ішін  
Ақ шуаққа толтырып.

Сүйіп мейірім қанғандай,  
Бақ жұлдызым жанғандай.  
Уіліңе  
Бар Әлем  
Құлақ тоса қалғандай.

Сендей тәтті күлетін,  
Көңіл бұлтын түретін  
Сірә, бала бар ма екен  
Сендей  
Үйиқтай білетін?!

Сендей тәтті баланың  
Әбден бабын табамын.  
Алақанда әлпештеп,  
Күнде бағып-қағамын!

Әлдилеймін толғана,  
Үйреттім-ау, қолға да...  
Көкең келсе –  
Мені тез  
Ұмытасың сонда да.

Жүргегімнің бөлшегі,  
Өмірімнің өлшемі,

Сүткенжем деп,  
Әрдайым  
Мақтан етем мен сени.

Көктем емес –  
Жаздаймын!  
Шамшырақтай маздаймын!  
Сени құшып,  
Елпілдеп,  
Ұшып кете жаздаймын!

Сендер  
Мені дилы етіп,  
Ел-жұрттыма  
Сыйлы етіп,  
Маған –  
Ана болуды  
Шығардыңдар үйретіп!

Сендер –  
Нұрлы таңдарым!  
Ұстаздарым!  
Саңлағым!  
Мейірбан ғып жіберген  
Құйттай данышпандарым!

Мейірімді қандырып,  
Әр күнімді  
Ән қылып,  
Есейттіндер,  
Өздерің –  
Жасарттыңдар  
Мәңгілік!

### ЖАСЫЛ ТЕРЕК

Көкті  
Сүр бұлт кезеді,  
Қар жауарын сезеді.  
Қарашаның аяғы  
Таяп қалған кез еді.

Аңсап  
Самал өпкенін,  
“Тез өтті-ау, – деп, –  
Көктемім!”  
Келе жаттым  
Аралап  
Алатаудың бектерін.

Мұлгіп тұрған атырап,  
Қалды осы сәт қатты ұнап:  
Жанбыр құсан  
Жауып тұр  
Сап-сары ала жапырақ!

Жомарт күзді –  
Құп білем!  
Қайран қалдым, тіпті, мен:  
Гүл солғанмен,  
Жанып тұр  
Жапырақтар –  
Құп-қүрен!

Жүрдім –  
Біраз сонырқап,  
Жүрдім –  
Біраз таңырқап...  
Сида ағаштар  
Тұрғандай  
Сәл мұңайып,  
Жабырқап...

Күз көркіне  
Қандым да,  
Тізе бүктім  
Шалғынға...  
Бір қарасам,  
О ғажап!  
Көк терек тұр...  
Алдымда!

Таң қап  
Жасыл түріне,  
Мен  
Жығыла-сүріне,  
Жетіп бардым:  
Солмалты  
Жапырақтың  
Бірі де!

Жасыл желең  
Саудырап  
Тұспегені –  
Тұрды ұнап.  
Мұның сырын,  
Себебін  
Үға алмадым мен бірақ.

Куаң тартқан атырап...  
Кәрлі қыс та –  
Жақын-ақ!  
Терек сырын үқпақ боп,  
Жүрдім күнде бақылап!

Байқағашым:  
Тынбастан  
Құстар  
Мұнда сырласқан,  
Басқа ағашқа  
Аялдап,  
Сірә, мойын бұрмастан!

Құдды, құстың базары!  
Ауар бірден назарың!  
Құс үнімен  
Теректің  
Ашылғандай ажары!

Көктерегім!  
Нұрлы екен!  
Тұнып тұрған  
Сыр ма екен?!

Әлде  
Құстар әнінен  
Куат алып тұр ма екен?!

Көктерегім!  
Бұл маңда  
Сән-салтанат құрган да!  
Жасыл қалпы қап кеткен  
Әнге балқып тұрғанда!

## АҚТИН

Асыр салған –  
Ақтиін,  
Сауысқаннан  
Сақ тиін,  
Қысқа  
Азық жинап жүр  
Тұрған бойы –  
Бап тиін!

Ағаш басын  
Мекендең  
Жүргеннен соң  
Секендең,  
Кейде  
Ойлап қаласың  
Оны да...  
Құс екен деп.

Тұгі жайнап,  
Түрленген,  
Мұндай кербез  
Кім көрген?!

Ол –  
Аңдардың өкілі,  
Құс ішінде  
Жүргенмен!

Артық емес –  
Сүйінсек,  
Жем ұсынып,  
Иілсек, –  
Өзі сондай сүйкімді!  
Адамдарға –  
Үйірсек!